

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ 1(бір) ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

№ 30 «Ұрпақ» бөбекжай - балабақшасы
2025–2026 оқу жылы

1. Қамқоршылық кеңестің құрамы:

Төраға: Садыков Еркін Темиржанович

Хатшы: Г.Е.Мерекешева

Мүшелер: Юсупова Сауле

Отархан Назерке

Имангалиева Бибинур

Ташпенова Гульнар Куантаевна

Тлеу Мадина

Пангерей Жанаргуль Бекболатқызы

Сабыр Шынарғұл Шахметқызы

Сисенбаев Жансерік

Қамқоршылық кеңес – балабақшаның ашық, қауіпсіз, сапалы жұмыс істеуіне қоғамдық бақылау жасайтын, ата-аналар мен қоғам өкілдерінен құралған ұйым.

Қамқоршылық кеңес не үшін керек?

1. Ашықтықты қамтамасыз ету үшін
2. Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау үшін
3. Тамақтану сапасын бақылау үшін
4. Материалдық-техникалық базаны жақсарту үшін
5. Ата-аналар мен балабақша арасындағы байланыс үшін
6. Тәрбиелік және әлеуметтік жобаларды қолдау үшін

2. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыстар

2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша жаңа стандарт енгізілді.

Жаңа стандарттың — негізгі талаптары

Қант пен тұзды айтарлықтай азайту: қант — шамамен 3,6 есеге дейін, тұз — 5 есеге дейін азайтылуы тиіс.

Көкөністер, жемістер, сүт және басқа пайдалы тағамдарды — әсіресе дәрумендер, ақуыз, кальций көздерін — мәзірде көбірек қолдану.

Неліктен осындай стандарт енгізілді

Мамандар соңғы жылдары балалардың арасында семіздік, II типті қант диабеті, жүрек-қан тамырлары ауруларының, аллергияның көбеюін байқады.

Жаңа стандарт тамақты «салауатты, теңдестірілген және қауіпсіз» етуді, балалардың денсаулығын, иммунитетін нығайту мен созылмалы аурулардың алдын алуды көздейді

Тамақтандыру сапасы мен ас мәзірінің орындалуы Қамқоршылық кеңестің тұрақты бақылауында болды.

2.2. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап – жаңа ас мәзіріне көшуді жоспарлап отырмыз. Және де 2026 жылдың 01 қаңтарынан бастап балабақша жарнасы 900 – 1000 тг арасында өседі деп жоспарлануда. (Дара бала)

Ас мәзірін бекіту Қамқоршылық кеңестің құзырында болып, кеңес мүшелерінің қарауына ұсынылады. Жаңа мәзір балалардың дәрумендік қажеттіліктерін ескере отырып, қазіргі санитарлық нормаларға сәйкестендіріліп жасалуда.

3. Бюджеттік қаражаттар және олардың игерілуі

3.1. Негізгі бюджет қаржысы 114,0

2025 жылдың 1 қаңтарынан балабақшаға бөлінген бюджет қаражаты тек міндетті шығындарға жұмсалды:

Жалақы - 76,0

Салықтар – 25,0

Коммуналдық төлемдер – 12,0

Материалдық-техникалық базаны жаңарту үшін бюджеттен қаржы қарастырылмады.

3.2. Қосымша қаржыландыру (қалдық қаражат есебінен)

Бұрынғы жылдардан қалып, игерілмей қалған қаржы есебінен төмендегі жұмыстар атқарылды:

Материалдық-техникалық база бойынша:

- Балабақшаға 150 жаңа көпшік (тысымен бірге) сатып алынды;
- Барлық кілемдер жуылып, химиялық тазартудан өтті;
- **Өрт сөндіру қызметтері толық атқарылды;**
Өрт дабылдау жүйелерінің (пожарная сигнализация) тексерілуі
Өрт сөндіргіштердің (огнетушитель) мерзімді тексерістен өткізілуі және қайта зарядталуы
Қауіпсіз эвакуация жолдарының тексерілуі
Қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізу
Қауіпсіздік журналдары толтырылып, барлық тексеріс нәтижелері тіркелді
- Музыка залына жаңа кілем төселді;
- «Балапан» және «Ақбота» топтарына жаңа кілемдер алынып, жайылды.

Бұл жұмыстар балалардың жайлы, қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне және санитарлық талаптардың сақталуына тікелей ықпал етті.

4. Күрделі жөндеу бойынша жағдай

Балабақшаны күрделі жөндеуден өткізуге арналған барлық қажетті құжаттар әзірленіп, толық дайын.

Қазіргі уақытта күрделі жөндеу жұмыстары: маслихат шешімін күтіп отыр; шешім қабылданғаннан кейін жөндеу жұмыстары басталады.

Бұл — балабақша ғимаратының жағдайын жақсартуға, қауіпсіздік деңгейін көтеруге бағытталған маңызды қадам.

5. Қамқоршылық кеңестің жалпы қорытындысы

2025–2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңес келесі бағыттарда белсенді жұмыс жүргізді:

Балалардың тамақтану сапасын бақылау;

Жаңа формат және жаңа ас мәзірін бекіту жұмыстарына қатысу;

Қаржының ашық әрі тиімді жұмсалуды қадағалау;

Материалдық базаны жақсартуға бағытталған іс-шараларды қолдау;

Қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылау.

Жалпы, жыл ішінде атқарылған жұмыстар жоспарға сай орындалып, балабақша қызметінің сапасын арттыруға ықпал ету.

6. Келесі жылға ұсыныстар

Күрделі жөндеу жұмыстарының дер кезінде басталуын қамтамасыз ету;


Ас мәзірінің орындалуын жүйелі бақылауды жалғастыру;

Материалдық базаны толықтыруға арналған қосымша ресурстар тарту;

Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын нығайту бағытындағы шараларды күшейту;

Қамқоршылық кеңестің жиналыстарын жүйелі өткізу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Е.Т.Садыков

Хатшы:



Г.Е.Мерекешева

Күні: «10» ноябрь 2025 ж.